

2005 жылғы 1 қазандағы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының ағымдағы жағдайы

Институционалдық инфрақұрылым

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының институционалдық инфрақұрылымының жағдайы 2005 жылдың 3 тоқсанында тұрақты болды. Өткен есепті кезеңде елеусіз сандық өзгеріске брокер-дилерлер санының 1 ұйымға артуы болып табылады. Сонымен қатар, бірінші кезекте инвестициялық қорлардың пайда болуымен байланысты, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың өсуі жалғасуда.

	01.01. 2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005
Брокерлер – дилерлердің барлығы	57	59	61	62
оның ішінде:				
Банктер	24	24	24	24
оның ішінде I санатты	22	22	22	22
банктік емес ұйымдар	33	35	37	38
оның ішінде I санатты	27	28	30	30
Тіркеушілер	18	18	18	18
Кастодиандар	10	10	11	11
ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар	10	10	10	10
Инвестициялық портфельді басқарушылар	14	18	19	25
ӨРҰ	2	2	2	2
Трансфер-агенттер	0	0	0	0

Брокерлер-дилерлер

Есепті кезеңде "ОРДА –Капитал" басқарушы компаниясы" АҚ-на брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз лицензия берілді.

(млн. теңге)

	01.01.2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005	және 2005 жылдың 9 айындағы өзгеріс (%)
Жиынтық активтер, оның ішінде:	2 661 379	2 924 609	3 349 905	3 684 632	38,45
екінші деңгейдегі банктер	2 646 181	2 908 244	3 331 077	3 662 188	38,40
банктік емес ұйымдар	5 248	3 460	3 647	4 172	-20,50
ИПБ	5 518	6 393	7 788	10 045	82,04
ЗАИБЖАҰ	4 432	6 512	7 393	8 227	85,63
Міндеттемелер оның ішінде:	2 392 494	2 640 667	3 014 147	3 302 009	38,02
екінші деңгейдегі банктер	2 387 752	2 637 354	3 010 200	3 295 714	38,03

банктік емес ұйымдар	1 916	526	508	1 636	-14,61
ИПБ	2 767	2 691	3 315	4 526	63,57
ЗАИБЖАҰ	59	96	124	133	125,42
Меншікті капитал, оның ішінде	268 885	283 942	335 758	382 623	41,81
екінші деңгейдегі банктер	258 429	270 890	320 877	366 474	41,81
банктік емес ұйымдар	3 332	2 934	3 139	2 536	-23,89
ИПБ	2 751	3 702	4 473	5 519	100,62
ЗАИБЖАҰ	4 373	6 416	7 269	8 094	85,09
жарғылық капитал, оның ішінде:	149 211	151 806	169 559	196 933	31,98
екінші деңгейдегі банктер	143 770	145 440	162 754	189 761	31,99
банктік емес ұйымдар	1 887	1 646	1 892	1 263	-33,07
ИПБ	1 354	1 940	2 133	3 129	131,09
ЗАИБЖАҰ	2 200	2 780	2 780	2 780	26,36

Келтірілген кестеден көрініп отырғандай, брокерлер-дилерлер бойынша жиынтық активтер 2005 жылдың 9 айында 38,45%-ке, жиынтық міндеттемелер - 3 302 009 млн. теңге (38,02%), меншікті капитал - 382 623 млн. теңгеге (41,81%-ке) өсе отырып, 2005 жылғы 1 қазанда 3 684 632 млн теңгені құрады.

Тіркеушілер

2005 жылғы 3 тоқсанда бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жалпы санында өзгерістер болған жоқ.

(млн. теңге)

Тіркеушілер бойынша қаржылық көрсеткіштер	01.10. 2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005	2005 жылдың 9 айындағы өзгеріс (%)
Жиынтық активтер	1 097	1 194	1242	1 244	13,40
Міндеттемелер	18	79	74	76	322,22
Меншікті капитал оның ішінде	1 079	1 115	1 168	1 168	8,25
жарғылық капитал	834	912	1 028	1 002	20,14

Келтіріп отырған кестеден көріп отырғанымыздай, тіркеушілер бойынша жиынтық активтер 2005 жылдың 9 айында 13,4%-ке, меншікті капитал -1 168 млн. теңгеге (8,25%), міндеттемелер 76 млн теңгеге ұлғайып немесе 4,2 есе өсіп, 2005 жылғы 1 қазанда 1 244 млн теңге болды.

Кастодиандар

3 тоқсанда кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензия берілген жоқ.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар

Есепті кезеңде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың жапы санында өзгеріс болған жоқ, 2004 жылы 1 қазанда жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды 10 ұйым жүзеге асырды, олардың ішінде 3 жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия болды (“МЖЗҚ” Жинақтаушы Зейнетақы Қоры” АҚ және “Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ” АҚ, БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ).

(млн. тенге)

ЗАИБЖАҰ бойынша қаржылық көрсеткіштері	01.10. 2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005	2005 жылдың 9 айындағы өзгеріс (%)
Жиынтық активтер	2 620	3 139	3369	3 611	37,82
Міндеттемелер	49	45	27	27	-44,90
Меншікті капитал	2 571	3 094	3342	3 584	39,40
Жарғылық капитал	1 630	1 630	1 630	1 630	0,00

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың өзгертілмеген санында 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап активтердің 991 млн. теңгеге (37,82%), меншікті капиталдың 1 013 млн. тенге (39,40%) өсуі байқалды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

2005 жылғы 3 тоқсанда инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға 6 лицензия берілді. («ДЕРБЕС СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ, «ОРДА-Капитал басқарушы компания» АҚ, «SUN» «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі компания» АҚ, «ЗЕРЕ» басқарушы компаниясы АҚ, «Дельта-инвест» басқарушы компаниясы АҚ, «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ. 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар саны 26 болды.

(млн. тенге)

ИПБ бойынша қаржылық көрсеткіштер	01.10. 2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005	және 2005 жылдың 9 айындағы өзгеріс (%)
Жиынтық активтер, оның ішінде	7 521	8 965	10 528	13 181	75,26
бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қосып атқара алмайтын және осы қызмет түрін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен қосып атқара алатын, брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ИПБ	5 606	6 488	7 876	10 324	84,16
Осы қызмет түрлерін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен	1 915	2 477	2 652	2 857	49,19

қатар жүргізе алатын ИПБ					
Міндеттемелер, оның ішінде	2 812	2 734	3 337	4 549	61,77
бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қосып атқара алмайтын және осы қызмет түрін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен қосып атқара алатын, брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ИПБ	2 767	2 693	3 315	4 526	63,57
Осы қызмет түрлерін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен қатар жүргізе алатын ИПБ	45	41	22	23	-48,89
Меншікті капитал, оның ішінде	4 709	6 231	7 191	8 632	83,31
бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қосып атқара алмайтын және осы қызмет түрін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен қосып атқара алатын, брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ИПБ	2 839	3 795	4 561	5 798	104,23
Осы қызмет түрлерін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен қатар жүргізе алатын ИПБ	1870	2436	2 630	2 834	51,55

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқарушы активтердің жиынтық баланстық құны жыл басынан бастап 5 660 млн. теңге (75,26%) өсіп, 13 181 млн. теңге болды. Осыған ұқсас кезеңде меншікті капитал 3 923 млн. теңгеге немесе 83,31%-ке өсті.

Бағалы қағаздар рыногындағы жұмыс үшін мамандарды дайындау

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстанда біреуі уәкілетті органның рұқсатымен бірінші және екінші санаттар бойынша мамандар дайындайтын және үшеуі – бірінші, екінші және үшінші санаттар бойынша мамандар дайындайтын төрт оқу орталығы жұмыс істейді.

2005 жылғы 3 тоқсан ішінде барлығы 76 маман аттестациядан өтті және біліктілік куәліктерін алды, оның ішінде:

I санат бойынша – 38 маман;

II санат бойынша – 34 маман;

III санат бойынша – 4 маман.

**Эмитенттер және қаржы құралдары
Акциялар шығарылымдары**

Акциялар шығарылымдары және шығарылымдардың күшін жою туралы деректер

	2005 жылғы 1 тоқсан үшін	2005 жылғы 2 тоқсан үшін	2005 жылғы 3 тоқсан үшін
Тіркелген шығарылымдар	99	132	112
Шығарылымдар және орналастыру қорытындылары туралы бекітілген есептер	74	105	104
Күші жойылған шығарылымдар	124	179	121

Агенттік 3 тоқсанда 112 акциялар шығарылымын тіркеді, акцияларды шығару және орналастыру қорытындысы туралы 104 есеп бекітті, сондай-ақ 121 акциялар шығарылымы жойылды.

Қолданыстағы акция шығарылымдары бар акционерлік қоғамдар саны туралы деректер

	01.10. 2005	01.04. 2005	01.07. 2005	01.10. 2005
Акция шығарылымдарының саны	3 154	2 829	2 654	2 550
Акционерлік қоғамдар саны	3 071	2 554	2 414	2 346

Осылайша, акциялардың қолданыстағы шығарылымдарының жалпы саны 2005 жылғы 1 қазанда - 2 550 құрады, бұл ретте қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдардың саны көрсетілген күнге 2 346 болды.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ашық халықтық акционерлік қоғамның мәртебесі 16 қазақстандық акционерлік қоғамға берілді

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымы

2005 жылғы 3 тоқсанда Агенттік жалпы көлемі 93 750 млн. теңге мемлекеттік емес облигацияның 15 шығарылымын, оның ішінде 8 000 млн. теңгеге 2 ипотекалық шығарылым тіркелді ("БТА Ипотека" АҚ және "Альянс Банк" АҚ).

Мемлекеттік емес облигациялардың тіркелген шығарылымдары туралы деректер

	2005 жылғы 1 тоқсан үшін	2005 жылғы 2 тоқсан үшін	2005 жылғы 3 тоқсан үшін
Шығарылымдар саны	7	17	15
Шығарылымдардың көлемі, млн. теңге	33 000	72 130	93 750

Есепті кезеңде жиынтық номиналды құны 59 160 млн. теңге облигациялардың шығарылымдарын орналастыру қорытындылары туралы 17 есеп бекітілді.

2005 жылғы 3 тоқсанда облигацияларды өтеу туралы 1 есеп 610 млн. теңге сомасында бекітілді.

Мемлекеттік емес облигациялардың қолданыстағы шығарылымдары туралы деректер

(млн. теңге)

	01.10.2005	01.04.2005	01.07.2005	01.10.2005
Шығарылымдар саны	109	116	131	146
Шығарылымдардың көлемі, млн. теңге	404 752	437 752	503 882	597 632

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жиынтық номиналды құны 597 632 миллион теңге қолданыстағы шығарылымы бар облигациялар саны 146 болды, оның ішінде “В” санаты бойынша 5 облигация шығарылымы және “А” санаты бойынша 112 шығарылым KASE ресми тізіміне енгізілген.

Қолданыстағы шығарылымдар қатарында 24 – ипотекалық облигацияның бар екендігін атап өткен жөн:

Атауы	Шығарылымның көлемі (млн. теңге)	Айналыстың ұзақтығы (жыл)
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	10
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	12
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	3
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	5
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	10
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	7
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	7
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	5
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	10
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	5 000	10
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	3 000	10
“Қазақстан Ипотекалық Компаниясы” АҚ	1 500	3
"БТА Ипотека" АҚ	7 000	8
"БТА Ипотека" АҚ	4 000	10
"БТА Ипотека" АҚ	2 000	7
"БТА Ипотека" АҚ	1 500	10
"БТА Ипотека" АҚ	500	7
"Астана-Қаржы" АҚ	5 000	5
"Астана-Қаржы" АҚ	1 000	5
"Банк ЦентрКредит" АҚ	1 300	10
"ЦентрКредит Банкі" АҚ	500	3
"Валют-Транзит-Банкі" АҚ	1 400	5
"ЛАРИБА-БАНК" бірлескен банкі" АҚ	156	3
"Альянс Банкі" АҚ	1 000	3

Тіркелген пайлар шығарылымы туралы деректер


	2005 жылдың 1 тоқсаны үшін	2005 жылдың 2 тоқсаны үшін	2005 жылдың 3 тоқсаны үшін
Шығарылым тіркелді	4	15	15
Шығарылым және орналастыру қорытындысы туралы есеп бекітілді	2	4	8
Қолданыстағы шығарылымдар	6	21	36

Қазақстан Республикасының ¹ аумағында айналыста болып табылатын мемлекеттік бағалы қағаздар

(млн. теңге)

	2005 жылғы 1 қаңтарда	2005 жылғы 1 сәуірде	2005 жылғы 1 шілдеде	2005 жылғы 1 қазанда
Айналыстағы барлығы, оның ішінде:	635 345	677 606	596 467	494 426
Ұлттық Банктің ноттары	396 121	383 637	269 182	195 000
Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары	230 471	285 200	318 501	291 345
Жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	8 753	8 769	8 784	8 081

ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар аймағының өзгеру динамикасы (млн. теңге)



Биржалық бағалы қағаздар² рыногының негізгі көрсеткіштері
Основные показатели биржевого рынка ценных бумаг²

Бұрынғыдай, Қазақстандағы қор рыногы жағдайының негізгі индикаторы KASE – бір қор биржасы 2005 жылғы 1 қазанда ұсынған ұйымдастырылған рыногы болып табылады.

Есепті кезеңде бағалы қағаздары “А” ресми тізімдері бойынша KASE сауда-саттығына жіберілген қазақстандық эмитенттер санының өсуі жалғасуда.

KASE-ге айналысқа жіберілген бағалы қағаздар шығарылымының негізгі үлес салмағы “В” санаты бойынша (20,56%) болғанда, “А” санаты бойынша (79,44%) бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша келді. 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша “А” санаты бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген корпоративтік облигация және акция шығарылымының саны 122 және 48 болғанда, “В” санаты бойынша тиісінше 5 және 39 шығарылым болды.

KASE-гі сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздар

	2005 жылғы 1 қаңтарға		2005 жылғы 1 сәуірге		2005 жылғы 1 шілдеге		2005 жылғы 1 қазанға	
	шығарылымдардың саны	эмитенттердің саны	шығарылымдардың саны	эмитенттердің саны	шығарылымдардың саны	эмитенттердің саны	шығарылымдардың саны	эмитенттердің саны
“А” листингі	132	49	140	47	162	55	170	71
“В” листингі	42	32	45	32	45	35	44	35
Жиынтығы	174	81	185	79	207	90	214	106


Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалатын KASE-гі мәмілелердің көлемі

(млн. теңге)

	2005 жылдың 1 тоқсаны үшін	2005 жылдың 2 тоқсаны үшін	2005 жылдың 3 тоқсаны үшін
"А" ресми тізімі бойынша оның ішінде:	122 669	163 541	255 694
<i>бастапқы орналастырулар:</i>	2 416	2 545	2348
– акциялар бойынша	0	1775	2348
– облигациялар бойынша	2 416	770	0
<i>қайталама айналыс:</i>	49 523	66 743	100 245
– акциялар бойынша	9 455	26 207	33 703
– облигациялар бойынша	40 068	40 536	66 542
<i>"repo" мәмілелері:</i>	70 730	94 253	153 101
– акциялар бойынша	34 106	37 223	63 661
– облигациялар бойынша	36 624	57 030	89 440
"В" ресми тізімі бойынша оның ішінде:	5 810	3 900	5 956
<i>бастапқы орналастырулар:</i>	0	0	0
– акциялар бойынша	0	0	0
– облигациялар бойынша	0	0	0
<i>қайталама айналыс:</i>	3 193	1 053	3 804
– акциялар бойынша	1 109	785	2 736

– облигациялар бойынша	2 084	268	1 068
"repo" мәмілелері:	2 617	2 847	2 152
– акциялар бойынша	2 544	2712	1 761
– облигациялар бойынша	73	135	391
"Листингтік емес бағалы қағаздар" секторы бойынша	190	185	640
Жиынтығы	128 669	167 626	262 290

Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған KASE-гі мәмілелер көлемінің өзгеру динамикасы



Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер көлемінің өсу тенденциясы байқалады. KASE-де жасалған мәмілелердің негізгі үлес салмағы (97,49%) бұрынғыша “А” санатының ресми тізімі бойынша KASE-дегі сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесіне тиеді. Осы дерек бағалы қағаздар рыногы негізгі инвесторларының активтері - ЖЗҚ-ның, банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының “А” санаты бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген эмитенттердің бағалы қағаздарына орналастыруға жататындығының нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалған KASE-гі мәмілелердің көлемі

(млн. теңге)

	2005 жылдың 1 тоқсаны үшін	2005 жылдың 2 тоқсаны үшін	2005 жылдың 3 тоқсаны үшін
Мәмілелердің көлемі оның ішінде:	1 894 551	2 470 268	1 992 471
бастапқы орналастырулар	56 967	48 000	0
“repo” мәмілелері	1 727 939	2 289 145	1 839 316

KASE капиталдандырудың өзгеру динамикасы

(млн. теңге)

Листинг санаты	2005 жылғы 1 қаңтарда		2005 жылғы 1 сәуірде		2005 жылғы 1 шілдеде		2005 жылғы 1 қазанда	
	акциялар	облигациялар	акциялар	облигациялар	акциялар	облигациялар	акциялар	облигациялар
“А” санаты	379 518	676 652	420 772	808 826	532 147	914 267	834 375	955 723
“В” санаты	132 769	9 207	132 123	9 294	128 934	7 270	131 166	7 022
Жиынтығы:	512 287	685 859	552 895	818 120	661 081	921 537	965 541	962 745
Барлығы:	1 198 146		1 371 015		1 582 618		1 928 286	

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша “А” және “В” санаты бойынша ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша рынокты жалпы капиталдандыру 1 928 286 млн. теңге болды, осы көрсеткіш 2005 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 60,94%-ке өсті. Сонымен қатар облигация бойынша капиталдандыру 40,38%-ке, қор рыногын капиталдандыру 88,48%-ке өсті.

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлар

2005 жылғы 1 қазандағы инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтері

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ инвестициялық басқаруында болып табылатын зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 3 тоқсанда 39 564 млн. теңгеге немесе 7,1%-ке өсіп, 597 133 млн. теңге болды.

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	Зейнетақы активтері млн. теңге	%-пен
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	51 845	8,68
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	42 817	7,17
"Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 028	1,51
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	51 921	8,70
"Д.А. Қонаев атындағы ашық үлгідегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 020	0,34
"Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	15 268	2,56
"СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 579	4,28
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 054	1,52
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	11 259	1,89
"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 259	1,89
"Актив-Инвест" "ЗАИБЖАҰ" АҚ	28 659	4,80
"Валют-Транзит" жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ	28 659	4,80
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 306	2,56
"Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 306	2,56
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	107 495	18,00
"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	107 495	18,00
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	14 048	2,35

"Атамекен" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 048	2,35
"МЖЗҚ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	119 362	19,99
"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	43 991	7,37
АО "Накопительный пенсионный фонд Народного Банка Казахстана"	153 247	25,66
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	597 133	100,00

2005 жылғы 1 қазанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі есепті тоқсанда 38 192 млн. теңгеге немесе 6,93%-ке өсіп, 589 361 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	210 027	35,63
ҚР еврооблигациялары	4 787	0,81
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	144 924	24,59
Ұлттық Банктің ноттары	60 242	10,22
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	74	0,01
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	94 257	15,99
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 694	0,63
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	29 858	5,07
Тазартылған алтын	0	0,00
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	240 856	40,86
акциялар	51 829	8,79
оның ішінде облигациялар	189 027	32,07
АҚШ долларына номинирленген	7 457	1,27
теңгеге номинирленген	181 570	30,80
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	10 522	1,79
акциялар	5 992	1,02
облигациялар	4 530	0,77
Шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары	147	0,02
жиынтығы	589 361	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғанымыздай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде елеулі орын алып отыр және 210 027 млн. теңге немесе 35,63%-ті құрады. 2005 жылдың 1 шілдемен салыстырғанда МБҚ көлемі 21 310 млн. теңгеге немесе 9,21%-ке кеміді. Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративті бағалы қағаздарының көлемінің өсуі 2005 жылдың 3 тоқсанында 34 321 млн. теңгеге немесе 16,62% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының көлемі 16 874 млн. теңгеге немесе 21,81%-ке ұлғайып, 94 257 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын ЗАЙБЖАҰ және ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға тек қана ұлттық валютада салуды жүзеге асыратынын айта кетуіміз керек.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,63% келді. Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2005 жылғы 3 тоқсанда 38,66%-ке өсіп 29 858 млн. теңге болды. Ал шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,79% болды.

2005 жылдың 1 қазанынан инвестициялық қорлардың активтері³

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының және акционерлік инвестициялық қорлардың жиынтық активтері 11 203 млн. теңге және тиісінше 15 172 млн.теңге болды.

(млн. теңге)

	01.01.2005	01.04.2005	01.07.2005	01.10.2005
Инвестициялық пай қорлары	389	696	10 597	11 203
жабық	389	585	10 422	10 544
ашық	0,0	111	175	553
аралық	0,0	0,0	0,0	106
Акционерлік инвестициялық қорлар	0,0	555	14 691	15 172



Келтірілген графикадан көрініп отырғандай 2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының және акционерлік инвестициялық қорлардың жиынтық активтері 11 203 млн. теңге және тиісінше 15 172 млн.теңге болды. Бұл ретте инвестициялық пай қорларының активтері 2005 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 28,8 есе өсті, ал акционерлік инвестициялық қорлардың активтері 2005 жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда 27,4 есе өсті.

**2005 жылдың 1 қазанына инвестициялық қорлардың жиынтық
инвестициялық портфелі**

(млн. тенге)

Қаржы құралдары	Инвестициялық пай қорлары		Акционерлік инвестициялық қорлар	
	млн. тенге	Жиынтығына % -пен	млн. тенге	Жиынтығы на % -пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	0	0	0	0,00
<i>ҚР еврооблигациялары</i>	0	0	0	0,00
<i>Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары</i>	0	0	0	0,00
<i>Ұлттық Банктің ноттары</i>	0	0	0	0,00
<i>Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары</i>	0	0	0	0,00
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2 518	21,59	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	13	0,11	0	0,00
Тазартылған алтын	0	0,00	0	0,00
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	6 374	54,62	2 589	20,51
<i>Акциялар</i>	2 501	21,43	1 147	9,09
<i>Облигациялар</i>	3 873	33,19	1 442	11,42
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	584	5,00	0	0,00
<i>Акциялар</i>	530	4,54	0	0,00
<i>Облигациялар</i>	54	0,46	0	0,00
Инвестициялық қорлардың пайлары	6	0,05	8 246	65,31
Депозитарлық колхаттар	586	5,02	74	0,58
«Кері РЕПО» операциялары	1 501	12,86	975	7,72
Жер учаскелері	0	0,00	5	0,04
Үйлер мен ғимараттар	0	0,00	202	1,60
Жылжымайтын мүліктің салынып жатқан және қайта құрылған объектілері	0	0,00	73	0,58
Жобалық-сметалық құжаттама	0	0,00	0	0,00
Жерді пайдалану және пайда қазбаларды пайдалану құқықтары	0	0,00	0	0,00
Инвестициялық қордың акционерлік қоғам болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары	0	0,00	0	0,00

Басқа да активтер/дебиторлық берешек	87	0,75	462	3,66
Жиынтығы:	11 669	100,00	12 626	100

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша инвестициялық қорлардың жиынтық инвестициялық портфелінде инвестициялық қорлардың пайлары 8 252 млн.теңге (33,97%) және ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 8 963 млн. теңге (36,89%) болды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 10,36%, депозитарлық қолхаттар 2,72% тиді.

2005 жылдың 1 қазанына меншікті активтердің есебінен алынған ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	жиынтық %-пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	2 616	31,79
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 601	19,46
Ұлттық Банктің ноттары	1 015	12,33
жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2 443	29,69
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0,00
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	3 170	38,52
Акциялар	636	7,73
облигациялар	2 534	30,79
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	0	0,00
Акциялар	0	0,00
Облигациялар	0	0,00
Жиынтығы:	8 229	100

Жнақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық меншікті портфелінің ең үлкен көлемін ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары алды - 3 170 млн.тенге (38,52%). Портфельдің үштен бірінен көбін ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары (31,79%) және екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған меншікті активтері 29,69 % құрды.

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша меншікті активтердің есебінен алынған жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық инвестициялық портфелінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары 1 600,5 млн. теңге немесе 61,22%, Ұлттық Банк ноттары 1 014 млн. теңге немесе 38,78% алды.

**2005 жылдың 1 қазанына екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздар
портфелінің құрылымы**

Қаржы құралдары	млн. теңге	жиынтық %-пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	245 266	47,10
- ҚР еурооблигациялары	39 932	7,67
- Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	96 021	18,44
- Ұлттық Банктің ноттары	104 663	20,10
- жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	4 650	0,89
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	148 560	28,53
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	66 242	12,72
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	53 792	10,33
акциялар	1 651	0,32
облигациялар	52 141	10,01
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	6 854	1,32
акциялар	0	0,00
облигациялар	6 854	1,32
Жиынтығы:	520 714	100

2005 жылдың 1 қазанына екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 520 714 млн. теңге болды. ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары портфелдің 47%-тен астамын немесе 245 266 млн. теңгені құрап отыр. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 10,33% келеді. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары жиынтық портфельдің 28,53 %-ін, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 12,72% құрайды.

**2005 жылдың 1 қазанына сақтандыру ұйымдарының инвестициялық
портфелінің құрылымы**

Қаржы құралдары	млн. теңге	жиынтық %-пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	19 007	41,13
- ҚР еурооблигациялары	276	0,60
- Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	13 218	28,60
- Ұлттық Банктің ноттары	5 494	11,89
- жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	19	0,04
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	12 219	26,44
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	20	0,04
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	14 970	32,39
- акциялар	4 447	9,62

- облигациялар	10 523	22,77
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	0	0,00
- акциялар	0	0,00
- облигациялар	0	0,00
Жиынтығы:	46 216	100


2005 жылғы 1 қазанда СҰ жиынтық инвестициялық портфелінің көлемі есепті тоқсанда 5 509 млн. теңгеге немесе 13,53%-ке өсіп, 46 216 млн. теңгені құрады. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар үлесі 32,39%-ті, екінші деңгейдегі банктердегі салымдардың үлесі - 26,44%-ті құрағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының СҰ жиынтық инвестициялық портфеліндегі үлесі 41,13% болды.

2005 жылдың 1 қазанына бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының инвестициялық портфелінің құрылымы

Қаржы құралдары	млн. теңге	жиынтық %-пен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	1 260	12,17
-ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 141	11,02
Ұлттық Банктің ноттары	106	1,02
жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	13	0,13
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	887	8,57
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	0	0,00
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	7 342	70,91
акциялар	2 594	25,05
облигациялар	4 748	45,86
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	865	8,35
акциялар	0	0,00
облигациялар	865	8,35
Жиынтығы:	10 354	100

2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының жиынтық инвестициялық портфелі қазақстандық қаржы құралдарынан тұрды және 7 342 млн. теңге (70,91%) болды. ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесіне 1 260 млн. теңге (12,17%) келді, шетел эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздарына - 865 млн. теңге (8,35%), қазақстандық банктердегі салымдар - 887 млн. теңге (8,57%).

2005 жылдың 1 қазанына ҚР корпоративтік облигацияларының қолданыстағы шығарылымдарының жиынтық көлеміндегі инвесторлардың сатып



2005 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша келтірілген графикадан көрініп отырғандай корпоративтік облигациялардың қолданыстағы шығарылымдарының жиынтық көлемінде бөлу былайша болды:

- Екінші деңгейдегі банктер сатып алған облигациялар – 11,28%;
- Инвестициялық портфельді басқарушылар клиенттерінің активтері есебінен сатып алынған облигациялар – 1,90%;
- Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алған облигациялар – 1,66%;
- өзге қаржы ұйымдарынан облигациялар – 0,93%;
- өзге инвесторлар – 55,99%.